

**"Қазақстан Республикасының Жер кодексіне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 209-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының Жер кодексіне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Мемлекеттік органдар тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2006 жылғы 25 шілдедегі  
N 209-ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының Жер кодексіне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Аяқтау нысаны	Орындалуға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	Жер учаскелерін меншікке өтеусіз беру үшін халықаралық қатысумен ғылыми орталықтарды белгілеу ережесі	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ (жинақтау), ЖРА	2006 жылғы қыркүйек
2	Жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелеріне құқық беру ережесі	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Ж Р А (жинақтау), ИСМ	2006 жылғы қыркүйек

**Е с к е р т п е :**

аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК